

Сыртқы академиялық ұтқырлық

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушылар шетелдік жоғары оқу орнында бір семестр бойы оқып келе алады.

Үміткерге қойылатын талаптар:

- мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын студент болу;
- ағылшын тілі / түрік тілі бойынша тілдік құзыреттіліктерге ие болу;
- шекті оқу үлгерімі GPA 3,33.

Талап етілетін құжаттар тізімі:

1. ҚР азаматының паспорты (көшірме) / жоқ болған жағдайда жеке куәлік (көшірме);
 2. Түйіндеме (CV);
 3. Транскрипт (мөрмен бекітілген болуы тиіс);
 4. Ағылшын тілі / түрік тілі деңгейін растайтын сертификат:
 - ағылшын тілі / түрік тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйелері бойынша алынған сертификат (**IELTS 5.5+**, **TOEFL IBT 87+**, **TOEFL ITP 567+**, **DET 95+**, **YUNUS EMRE**, **TOMER**) немесе шетел тілін оқытатын оқу орталықтарынан алынған сертификат көшірмесі (B2+).
 5. Білім алушының көп балалы отбасыдан шыққандығын растайтын құжат (осы санатқа жататын студенттер үшін);
 6. Білім алушының ата-анасының болмауын растайтын құжат (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер санаты үшін);
 7. Білім алушының мүгедектігін растайтын құжат (осы санатқа жататын студенттер үшін);
 8. Түрлі конкурс, олимпиада, конференция, волонтерлік іс-шараларға белсенділік танытқаныңыз туралы көрсеткіш (грамота, сертификат, алғыс хат, диплом, т.б.).
- *Тек студенттік кезеңдегі жетістіктер ескеріледі.

**5, 6, 7-тармақта көрсетілген шарттар қатысушылардың конкурстық ұпайы тең болған жағдайда жеңілдік иесіне басымдық береді.*